



"Қазақстан Республикасының әділет органдары қылмыстық-атқару жүйесінің туы және нышаны туралы Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 22 желтоқсандағы N 1237 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

"Қазақстан Республикасының әділет органдары қылмыстық-атқару жүйесінің туы және нышаны туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының әділет органдары қылмыстық-атқару жүйесінің туы және нышаны туралы

"Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 18 наурыздағы Заңының 10-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН** :

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Қазақстан Республикасы әділет органдарының қылмыстық-атқару жүйесі туының ;
- 2) Қазақстан Республикасы әділет органдарының қылмыстық-атқару жүйесі нышанының сипаттамалары бекітілсін.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 6 ж ы л ғ ы _ _ _ _ _

N _ _ Ж а р л ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы әділет органдарының қылмыстық-атқару жүйесі туының сипаттамасы

Қазақстан Республикасының әділет органдары қылмыстық-атқару жүйесінің туы (бұдан әрі - ту) қара көк түсті тік бұрышты мата болып табылады.

Тудың ортасында Қазақстан Республикасы әділет органдарының қылмыстық-атқару жүйесі нышанының бейнесі орналасқан.

Тудың шеті алтын сары түсті шашақпен көмкеріліп, сапқа бекітіледі. Саптың ұштығы найза нысанында жасалған, оған алтын сары түсті екі шашағы бар өрілген бау бекітілген.

Тудың графикалық бейнесі қоса беріліп отыр.

Қазақстан Республикасы
Әділет органдарының
қылмыстық-атқару жүйесі
туының сипаттамасына
ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы Әділет органдарының қылмыстық-атқару жүйесі туының
графикалық бейнесі
(қағаздағы нұсқадан қараңыз)

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2006 жылғы _____
N _____ Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Әділет органдарының қылмыстық-атқару жүйесі нышанының сипаттамасы

Қазақстан Республикасының Әділет органдары қылмыстық-атқару жүйесінің нышаны (бұдан әрі - нышан) ұлттық геральдикалық нышандарының типологиялық элементтеріне құрылған және сегіз қырлы жұлдыздың бейнесін білдіреді.

Нышанның орталық бөлігінде сегіз қырлы жұлдызда қылмыстық-атқару жүйесінің Қазақстан Республикасының Әділет органдарына тиесілілігін білдіретін негізгі сәйкестік нышан ретінде таразы орналасқан.

Сегіз қырлы жұлдыз қорған мен сенімділікті бейнелейтін тұйық контурды білдіретін көлемді элемент ретінде бейнеленген және тазаруды, қайта өрлеуді білдіретін шұғылалы күн сәулесі аясында орналасқан.

Сегіз қырлы жұлдыз астында "ҚАЗАҚСТАН" деген мемлекеттік тілдегі жазуы бар л е н т а о р н а л а с қ а н .

Барлық композиция алтын сары түске боялған төрт үшкір ұштықты семсердің қиысқан жеріндегі үлкен сегіз қырлы жұлдызда орналасқан.

Нышанның орталық композициясы жоғары жағында "ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ", төменгі жағында - "ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУ ЖҮЙЕСІ" деген мемлекеттік тілдегі алтын сары түсті жазба орналасқан қара көк түсті сақинамен жиектелген.

Сақинамен жиектелген композиция шеттері алтын сары түсті шығыңқы ернеумен көмкерілген көгілдір көк түсті сегіз қырлы жұлдыз аясында орналасқан. Сегіз қырдың

ішкі бұрыштары көк жиекті алтын түстес сегіз қырлы жұлдыздың ұштарымен
т о л т ы р ы л ғ а н .

Нышанның көгілдір көк, қара көк және алтын түстері PANTONE Халықаралық
түстер атласының 3125 С және 810 С нөмірлеріне сәйкес келеді.

Нышанның графикалық бейнесі қоса беріліп отыр.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ә д і л е т о р г а н д а р ы н ы ң
Қ ы л м ы с т ы қ - а т қ а р у ж ү й е с і
т у ы н ы ң с и п а т т а м а с ы н а

ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы Әділет органдарының қылмыстық-атқару жүйесі нышанының
г р а ф и к а л ы қ б е й н е с і

(қағаздағы нұсқадан қараңыз)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК